

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «27» сәуір

2018 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша БЖЗК-ның инвестициялық портфелі

2018 жылдың 1 сәуіріне қарай Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері 7,97 трлн теңгені құрады.

2018 жылдың алғашқы үш айы ішінде салымшылар мен алушылардың зейнетақы шоттарына үлестірілген таза инвестициялық табыс 66 млрд теңгеге жетті. Бұл ретте Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылдың наурызы мен 2018 жылдың наурызы аралығында 8,00 пайызды құрады. Ал бұл кезеңде инфляция деңгейі 6,6 пайыз болды. Яғни, табыстылық инфляция деңгейінен жоғары деген сөз.

Еске сала кетелік, зейнетақы активтері бойынша инвестициялық табыстың көлемі қаржы нарығындағы ахуалға және зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының бағасына тәуелді. ҚР Ұлттық Банкі ұзақ мерзімді келешекте табыстылықтың тұрақты деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өзінің инвестициялық стратегиясында әртараптандырылған инвестициялық портфель тұжырымдамасын ұстанады.

Қазіргі уақытта портфельдің негізгі бөлігі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздарына» тиесілі. 2018 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша олардың пайыздық үлесі – 44,89% болды. Есепті айда мемлекеттік құнды қағаздардың ағымдағы құны 112,03 млрд теңгеге артып, 3 580,47 млрд теңгені құрады. Екінші орында «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары». Олардың портфельдегі үлесі – 15,41%. Ал ағымдағы құны – 1 229,20 млрд теңге. Үшінші орында «Шет мемлекеттердің мемлекеттік құнды қағаздары» деп аталатын қаржы құралдары. Олардың портфельдегі үлесі – 13,86% болса, ағымдағы құны 19,15 млрд теңгеге артып, 1 105, 56 млрд теңгені құрады.

БЖЗК зейнетақы активтері есебінен сатып алынған осы және өзге де қаржы құралдары теңгеді (69,42%), АҚШ долларында (30,03%) және Ресей рублінде (0,45%) номинирленген. Инвестициялық портфельдің толық құрылымы БЖЗК ресми сайтында қолжетімді:
<https://www.enpf.kz/upload/medialibrary/a29/a291f1a42622b9f477c92009a1a3ba52.pdf>

2018 жылдың 1 сәуіріне қарай зейнетақы активтерінің 73,29 пайыздан астамы рейтингі «ААА» -дан «ВВВ-»-ға дейінгі тәуекелі ең төмен қаржы құралдарына, ал 15,58 пайызы ұстамды дәрежедегі тәуекелі бар (рейтингі «ВВ+» -тен «В-») қаржы құралдарына орналастырылды.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz